

Енсегенұлы Т.
**«Авеста» түркілер дәуірлеген
тұста жасалған**

Осы мақалада әлемде тұңғыш жасалған шығармалардың бірегейі, көлемі 21 кітаптан (бөлімнен) құралған, түгелдей поэзия тілінде жазылған қасиетті «Авеста» мұрасы түркілерге де ортақ даналық кітап екенін ғылыми негізде дәлелдеу көзделген. Сол мақсатқа жетуде әуелі қасиетті «Авеста» шығармасын тарихи-типологиялық және синтездік тұрғыда тексеріп, тереңдете талдау жасалынды.

Сосын «Авеста» шығармасын зерттеудегі күрделі міндеттерді ретімен қарастырып, бұл еңбекте қазақ халқының құрамына енген Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпалары б.з. б. XII-VI ғасырларда өзара бірігіп күшті мемлекет құрғаны, сол дәуірлеп тұрған тұста көне түркілер ежелден мекендеген Сырдария мен Әмударияның төменгі ағысы аралығында б.з.б. VIII-VII ғасырлар шамасында қасиетті «Авеста» шығармасы жасалғаны және шығыстанушы мамандарының пікірлеріне сүйене отырып ортақ ғылыми тұжырым туындағаны мәлімденеді.

Түйін сөздер: «Авеста», архетип, тарихи-типология, түркі даналығы, таным.

Ensegenuly T.
**The product of «Avesta»
was created in a period of
prosperity Turks**

This article is pursued scientific evidence that consists of 21 books (chapters), «Avesta» – one of the first work in the world, is completely written in the language of poetry, and is a sacred heritage for all Turks.

To achieve this goal, «Avesta» the first thing was considered by the historical typology and synthesis work. Next in series before it, relying on the opinions of experts Orientalists, born general scientific conclusion that the tribes such as Saks, huns, Uysuns, Kanli, later became members of the Kazakh people, who then united, created in XVII-VI century BC a strong state. What's in this period of prosperity in the lower reaches of the Amu Darya and Syr Darya, where Since the dawn of the ancient Turks lived was created sacred work «Avesta» about XVIII-VII century BC.

Key words: Avesta, archetype, historical typology, Turkic wisdom, cognition.

Енсегенұлы Т.
**Произведение
«Авеста» создана в период
процветания тюрков**

В данной статье научно доказывается, что состоящая из 21 книги (разделов) «Авеста» – одно из первых произведений в мире, полностью написанное на языке поэзии и являющееся священным наследием для всех тюрков.

Для достижения поставленной цели «Авеста» была рассмотрена со стороны исторической типологии и синтеза произведения. Далее при последовательном его рассмотрении, опираясь на мнения специалистов-востоковедов, рождается общее научное заключение того, что такие племена, как саки, гуны, уйсун, канлы, впоследствии вошедшие в состав казахского народа, объединившись, создали в XVII-VI века до нашей эры сильное государство. В этот период процветания в низовьях Сырдарьи и Амударьи, где испокон обитали древние тюрки, было создано священное произведение «Авеста», приблизительно XVIII-VII века до нашей эры.

Ключевые слова: Авеста, архетип, историческая типология, тюркская мудрость, познание.

«АВЕСТА» ТҮРКІЛЕР ДӘУІРЛЕГЕН ТҰСТА ЖАСАЛҒАН

Бір нәрсенің басы ашық. Ол – бағзы заманғы бабаларымыз әлемдік мәдениетке өз үлестерін қосып, ғаламдық тарихқа өз өрнектерін салды. Ал біздер сол аталарымыз жасаған рухани асыл мұраларды түгел тани да, игере де алмағандықтан бұл күнде бұрынғы үстемдік жасап қалған елдің кейбір өкілдерінің ретсіз мұқату, жасыту сөздеріне тап болдық. Мысалға, дуалы ауыз дұшпан А.И. Солженицын халқымыздың егемендікке жеткенін қаламай: «Қазақтар мал жайып өткен жердің бәрін өзімдік санай берген», – деп кекетіп, «сәуегейлік» танытса («Егемен Қазақстан», 3.07. 1998 ж.), соның сыбайласы Н. Лысенко «Наш современник» журналының 1992 жылғы 9-санында жарияланған «Біздің мақсатымыз ұлы империя құру» деген мақаласында әлгінің сөзін қуаттап, қазақтарда бұрын мемлекет, мәдениет болмаған, өз алдына бөлінгенімен жеке ел бола алмайды» деген ой тастап, бұрынғыша тәуелді болған империяның қарамағында қалуға үндеді.

Бұлардың осылай өктем, батыл сөйлеуінің себебі – біздердің қанша сойылдаса да түк үндемейтін момындығымызға нақты деректер арқылы зердесі жеткен еді. Мәселен, кезінде академик В.В. Бартольд Қазан төңкерісі тұсында үстемшіл Россияның саясатына дем беру, сөйтіп, тәуелсіздігін сақтауда Алаш мемлекетін құруға ұмтылған қазақ халқын тұғыртып, төмен ұстау мақсатында ол: «Қазақ» сөзі әуелде еркіндіктегі қарақшы деген мағынаны білдіреді де, біртіндеп халықтың атына айналды», – деп жар салды (1,99-б.). Бұған ешкім үндемеді, әрине, саясаттан қорыққан болар. Мұнан кейінгі жазған еңбегінде тағы да В.В. Бартольд: «Қазақ – қарақшы, бүлікшіл, ұрыншақ деген мағынаны білдіретін түрік сөзі», – деді (2, 535-б.). Оның бұл айтқан ойына да ешкім қарсылық білдірмеді. Соның салдарынан «варвар» деген сөз біздің лақап атымызға айналып кете жаздады. Сондай-ақ, шығысты зерттеген Еуропа ғалымдарының бірталайы көне түркі шығармаларында жылт еткен жаңалық көрсе, соны «өзге елден алған, басқа халықтардан үйренген» деген жала қағиданы мөр басқан паспорттай етіп қалыптастырып жіберді, барлық түркі жұртын солай кемсітіп ұстады.

Бұған Кабарда-Балқардың белгілі ғалымдары К.Т. Лайпанов пен И.М. Мизиевтің: «Кей кезде, тіпті түркілерді прогресті жасаушы емес, қиратушы деп те қарайтындар баршылық. Сібірде-

гі, Алтайдағы, Орта Азиядағы түркі мәдениетін иран жақтан келген дейтіндер табылып жүр», – деп ренжи жазғаны (3, 4-б.), қазақтың ойшыл жазушысы О.Сүлейменовтің: «Ресми ғылымның ұйғарымында көшпелі халық қытай, иран және араб мәдениетінің емшегін сорған Мәңгілік Тағы тұрпатында деп саналады. Түркілердің жазуы ешбір дәлелсіз ирандықтардан алынған деген желеуге де иек артты. Менменсіп теріс қарау деген осы емей немене?» – дегені (4, 192-б.), татардың ірі ғалымы Х.Усмановтың: «Түркологияда түркі өлеңдерінің құрылысы араб-иран поэзиясы (аруз) негізінде жасалынған деген пікір қалыптасқан. Бірақ, бұқара халық оны қабылдаған жоқ, олар өлең буынын саусағымен санап отырып жасады, сондықтан «бармақ» атанған», – деп тұжырымдағаны (5, 3-б.), профессор М. Аджидің: «Қазан төңкерісінен кейін пантюркизммен күрес басталды – мемлекет осы мәдениетті иемденушілердің барлығымен (Қырым татарлары, карачайлар, балкарлар, ноғайлар) ашық соғыс жүргізді, 1943-1944 жылдары олар күшпен жоюға ұшырады. 1937 жылы түркілер бірінші болып репрессияға тап болды», – деп баяндағаны бұлтартпас айғақ (6, 165-б.).

Өткен ғасырлардың шыңырау қатпарларындағы тарихи деректерге үңілсек, қазақ халқының арғы тегі болып табылатын Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпалары біздің дәуірімізге дейінгі XII-VI ғасырлар аралығында өзара бірігіп, күшті мемлекет болып, дүниенің төрттен біріндей жерді иемденіп, Еуропаға барып, бүкіл әлемге танылған. Бұған бір-екі ғана дәлел келтірейік. Мысалға, профессор Ә. Хасенов: «Халықтың өзін-өзі басқару ұйымы мемлекет делінеді. Ол ішкі жақтан бұқарасына тәртіп береді, сыртқы жаулардан елін, территорияны қорғайды. Мұндай әкімгершілік ұйым скиф-сақтар арасында бұдан 3000-3500 жыл бұрын құрылған», – деп тұжырымдаса (8), академик В.В. Бартольд: «Хундар империясы – көне түркі мемлекеті болып табылады», – деумен бірге (9, 267-б.), келесі еңбегінде: «Кочевая империя была создана народом, название которого в китайской транскрипции приводится в форму Хун-ну, и который несколько веков спустя под именем гунов прославился в Европе», – дегені біздің білдірген байламымызды нақтылай түседі (10, 4-б.).

Сондай-ақ, осы саланың білгірі Л.Н. Гумилев: «Біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда хундар 24 рудан одақтасқан күшті мемлекет жасады», – дейді (11, 74-б.). Осы пікірді парсылық Фазлаллах Рашид ад-Дин оғыздар жайлы жазбасында айтқан (12, 75-б.). Академик В.В. Бар-

тольд оғыздардың ежелгі уақыттан Оғызханнан тараған 24 ру бірігіп ұлыс құрғанын білдіріп, Рашид ад-Динді қолдайды (13, 574-б.). Профессор Х. Короглы оғыздар жөніндегі эпостарды зерттеген еңбегінде ол да осындай тұжырым жасайды (14, 22-б.). Демек, көне түркі тайпалары бағзы заманда-ақ өзара ұйымдасып, мықты мемлекет құрған. Бағзы заманнан қалыптасқан өмір талабы бойынша әр мемлекеттің өзінің заңы, діні, дәстүрі т.б. нақты жасалады. Мысалға, көне түркілердің Тәңірлік дінінің негізі б.з.б. VIII-VII ғасырларда жасалған қасиетті «Авеста» кітабында сақталған. Оған ғылыми тұрғыда орнықты тұжырымдар жасалынып, бірнеше монографиялық еңбектер жазылып, дәлелденген. Бұл күрделі мәселелер алда арнайы сөз болады. Егер солай біріккен мықты құрылым болмаса, көне түркілердің ежелгі дәуірде-ақ Орта Азия, Қазақстан, Каспий, Қаратеңіз, Дон, Сібір аймақтарын тұтастай иемденіп, билік жүргізуі мүмкін емес қой. Мына кеңбайтақ қазақ жерін солар бізге мәңгілікке қалдырған. Бұған тағы да профессор Л.Н. Гумилевтің: «Ши-Хиуанди өзінің солтүстік шекарасының қауіпсіздігін шешу мақсатында қыруар қаржы жұмсап, қытайды еуразия даласынан бөліп тастайтын ұлы қамалды тұрғызуды қолға алды. Бұл қамалдың ұзындығы 4 мың километр, биіктігі 10 метр, әр 60-100 метрден кейін күзетші тұратын мұнара салынды», – деп жазғаны (15, 65-б.), профессор А.Н. Бернштамның: «Армия тарихшылары айтқандай, Дербент қорғаны көшпенділерден қорғану үшін тұрғызылған», – деп түйгені (16, 135-б.), академик Ә.Х. Марғұланның: «Ғұндардың кемеңгер басшысының бірі Тұман, оның алып ұлы ер Модэ. Ол қытайды өзіне бағындырып, оларға жыл сайын салық төлеп тұруды мақсат етті», – деп жазған мәліметі толық айғақ (17, 68-б.).

Сол бағзы заманғы бабаларымыздың бізге қалдырған рухани мұралары мына ұлан-ғайыр туған жер көлемінен де қомақтырақ сияқты. Оған да академик Ә. Марғұланның: «Сахарадағы айтылатын эпос-жырлардың өркендеп тарауы Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы дәуірінен басталады. Бұл айтқан елдердің қауым құрған кезеңі біздің санауымыздан бұрынғы V ғасыр. Ғұн, Үйсін, Қаңлылар қазақ тайпаларының ең ескісінен саналады және олардың тарихи іргесін құрайды», – деп тұжырымдағаны толық тірек болады (18, 170-б.). Басқасын айтпай соңғы деректерге жүгінсек, академик М. Қозыбаев: «Евразия сахарасындағы бұл көшпенділер өркениетін б.з. дейінгі XI ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін жеткізді. Біздің жыл

санауымыздан мың жылға жуық бұрын Алтайдан Донға дейін біртұтас қадір-қасиетін сақтаған өркениет – Дала өркениеті 7 мың шақырым аралықта өрбіді. Бұл географиялық аймақта этномәдени тұрмыстық өркениет қалыптасты. Осы тектер тоғысында түркі тегі, оның бірегейлігі жеңіп шықты. Ендеше, біздің өркениетіміз өте дамыған өркениет болған», – деп мәлімдеді (19). Мұндай жетістіктерге көне түркілер оқшау тұрып жеткен жоқ. Көрші елдер өркениетін тани отырып, жаңа мәдениет типін қалыптастырды. Сол әлемдік өркениетке қосылған елеулі үлесті жасап, қалыптастырған бабалар – біздің арғы тегіміз Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпалары. Оған тағы біршама дәлел келтірсек, профессор Н.Л. Аристов 1897 жылы жазған «Түрік тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы және олардың саны жөнінде мәлімет жайлы мақала» деген еңбегінде осы аталған тайпалар ежелден қазақ даласын қоса мекендеп, кейін сол халықтың құрамына енгенін білдіре келіп: «Қырғыз-қазақ халқы негізінен қаңлы, қыпшақ, чу (дулат), арғын, найман, керей және алшын тайпаларынан құралған», – дейді (20, 276-б.).

Ал қытайдағы қазақ ғалымы Н.Мыңжан: «Қазақ халқы – ежелгі түркі тілдес тайпалардың, атап айтқанда, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, алан, қимақ-қыпшақ, дулат, түркеш, қарлық, оғыз, арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, жалайыр, алшын т.б. тайпалардың түрліше даму дәуірлерін басынан кешіре отырып, табиғи түрде даму арқылы халық болып қалыптасты», – деп байлам жасады (21, 10-б.). Сондай-ақ, профессор А.Н. Бернштам: «Шығыс қаңлылардың мәдениеті үйсіндердің мәдениетіне көптеген ұқсастықтары бар. Үйсін, қыпшақ, қаңлы этнонимі қазақтардың тайпалық аттарында сақталған. Бұл Жетісудың көне көшпелі тұрғындары қазіргі Орта Азия түркі тілдес тайпаларымен, әсіресе қазақпен байланыста екенін көрсетеді», – деп жазған (22, 107-б.). Олай болса, түркі тілдес халықтардың негізі болып табылатын бұл тайпалардың әлемдік мәдениетке, дүние тарихына қосқан жетістіктері қазақ халқына да ортақ мұра екен. Ендеше, біз мәдениетіміз бен әдебиетіміздің түп-төркінін – архетипін сол Сақ-скиф, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпаларының біздің дәуірімізден бұрынғы XII-VI ғасырлар аралығында өзара бірігіп, мықты мемлекет болған тұсынан іздеуіміз қажет. Бұл бағыттағы түпкі ойымызды тура білдірсек, жоғарыда аталған көне түркі тайпаларының абыройы асқақтап тұрған дәуірде жасалған мәдени мұралардың бірегейі – көлемі 21 кітап-

тан тұратын, поэзия тілімен жазылған, әлемдегі діндік жазбалардың алғашқыларының бірі – қасиетті «Авеста» шығармасы – Алдыңғы Азия халықтарының бірсыпырасына, соның ішінде біздің түпкі ата-тегіміз көне түркілерге де ортақ рухани мұра болып табылады.

Ең бастысы – бұл көтеріп отырған мәселенің еліміз үшін құндылығы мен дәйектілігін және арнайы зерттеудің қажеттілігін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана жалғасып жатқан жоқ, одан да арғы Үнді мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ даласының рухын жеткізген бабаларымызбен жалғасып жатыр. Осыдан екі мың жыл дерлік бұрын біздің жерімізде дамыған малшаруашылығы мен егін шаруашылығын бір-бірімен шебер ұштастырған өзіндік бірегей андронов мәдениеті пайда болды. Арийлер деген атпен ұлы мәдениеттер жасап, ұлы мемлекеттер құру үшін бір кезде Үндістанға қарай бет алған тайпалар тап сол андронов мәдениетінің иелері еді. Қазақстанның сақ тайпалары андронов мәдениетін жасаушы халықтың «Авестада» айтылатын арий, тур, дах және дайлардың тікелей ұрпақтары болып табылады. Қазақстанның жеріндегі ежелгі мемлекеттер, олардың болашақ қазақ ұлтымен сабақтастығы деген мәселелер әлі терең зерттелінбей келеді. Сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың мемлекеттері... Осылардың әрқайсысына арнаулы монография жазса да артықтығы жоқ», – деген сөзі айқындай түседі (23, 24, 77-б.). Сөйтіп, «Авеста» кітабы түркі тілдес халықтарға да ортақ рухани қазына екеніне көз жеткізу үшін әуелі сол мұраның дүниеге келген дәуірін, туған жерін, қай тілде жазылғанын тарихи деректерге сүйене отырып ғылыми негізде анықтап, қысқаша мәлімдейік. Мұндайда, алғашқы кезекте «Авестаның» жасалған дәуірін анықтаудың маңызы зор. Өйткені, бұл мұраның дүниеге келген кезеңін білу арқылы, соны тарихи деректермен салыстырып, осы кітаптың алғаш қай өңірде, қай елде шығарылғанын айқындай түсуге мүмкіндік туады.

«Авеста кітабының жасалған дәуірін межелдеу Ленинград университетінің ғалымдары: «Авеста» шығыстың мың жылдық даналығын қамтыған. Сол ілімнің пайда болғаны шамамен б.з.б. VII-VI ғасырлар аралығы», – деп тұжырымдалған (24, 3-б.). Сондай-ақ, әзербайжан ғалымы М.А. Дадаш: «Қасиетті діннің негізі жазылған «Авеста» кітабы б.з.б. VII ғасыр аяғында жасалынған», – депті (25, 5-б.). Ол да бұл мә-

ліметті неге сүйеніп білдіргенін айтпапты. Сол сияқты, профессорлар Х. Короглы, С.А.Токарев, неміс философы Ф. Ницше жазған еңбектерде және «Атейстік сөздік» атты кітапта «Авеста» жасалған дәуірді б.з.б. VII-VI ғасырлар аралығы деп көрсеткен. Оның мәнісі, олар бұл шығарманы арнайы зерттемеген, соған сәйкес дайын мәліметтерді пайдаланғаны аңғарылады.

Енді «Авестаны» әдейі тексерген ғалымдардың бірсыпырасының ой-пікірлеріне көңіл аударсақ, профессор И.М. Дьяконов: «Авестаның» негізгі бөлімі Александр шапқыншылығына дейін жазылып болған болуы тиіс, өйткені, б.з.б. IV ғасырдан кейін кез-келген ғалымның өліп қалған грамматикалық жалғау-септеуді жаңғыртып қайта жазуы мүмкін емес. Егер «Авеста» Мидияда жасалған болса, онда бұл шығарма б.з.б. IX-VIII ғасырдан кейін жазылды деу нанымсыз», – деп, «Авеста» шығармасының парсылардың Ахеменид патшалығынан бұрын жасалғанын дәлелдейді (26, 48-б.). Бұл тұжырым тарихи деректерге сай келеді. Ал профессор С.П. Толстов: «Авестадағы» мифтік геройлар б.з.б. 1200 жылы жасалынды», – дейді (27, 10-б.). Сол секілді, зерттеуші И.С. Брагинский: «Парсылар традициясында «Авестаның» пайда болуы б.з.б. бірінші мың жылдықта», – деп топ-

шылайды (28, 82-б.). Парсы ғалымы М. Моин: «Бұл шығарманың алғаш пайда болуы б.з.б. XI ғасыр», – деп болжайды (29, 193-б.).

Бізбен түбі бір туыс әзербайжан тарихшылары: «Авестаны» жазған Зердушт әзербайжан болатын. Ол б.з.б. IX-VIII ғасырлар аралығында өмір сүрген. «Авеста» Мидия тайпаларынан шыққан Мағ дін адамдары тарапынан бөлек-бөлек болса да сақталған», – деп түйіндейді (30, 3-б.). Осы үзікте көп сыр жасырынып жатыр, кейін талдап айтылады. Өзге де пікір білдірген шығыстанушылар жетерлік. Осы орайда, «Авеста» шығармасының жасалған дәуірін анықтауда ең бастысы, қоғамдық дамудың барысы мен тарихи деректерге және «Авеста» шығармасының өзіне сүйену керек-ақ. Осыларды тарихи-типология тұрғысынан салыстырып қарасақ, «Авеста» кітабы рулық-тайпалық дәуір нағыз пісіп жетілген кезеңде жасалынған. Оған сол шығарманың өзін оқығанда айқын көз жетеді. Бұл бағытта келтірілген пікір, болжам, деректерге сүйене отырып ой түйсек, «Авеста» ең беріден санағанда б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында Орта Азиядағы Хорезм өңірінде жасалынған. Сонда, осы мұра туған кезең – көне түркі тайпаларының бірігіп, күшті мемлекет болып, дәуірлеп тұрған тұсы.

Әдебиеттер

- 1 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Л., 1927.
- 2 Бартольд В.В. Сочинения. Том V. – М.: Наука, 1968.
- 3 Лайпанов К. Мизиев М. Түркі халықтарының шығу тегі // «Парасат». – 1995.
- 4 Сүлейменов О. АЗ и Я. – Алматы: Еңбек сауда үйі, 1992.
- 5 Усманов Х. Тюркский стих в середине века. – Казань: Из-во Казан-го ун-та, 1987.
- 6 Аджи М. Польша полевецкого поля. – М.: ТОО «Пик-Контекст», 1994.
- 7 Узбекский народный героический эпос. – М.: ОГИЗ, 1947.
- 8 Қазақ әдебиеті. 21 тамыз 1998.
- 10 Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – Баку: Аз. Гос. из-во, 1991.
- 11 Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т-1. Кн.2. – М.-Л.: АН СССР, 1952.
- 12 Бартольд В.В. Сочинения. Т-2. Ч.1. – М.: из-во вос. Лит-ры, 1963.
- 13 Короглы Х. Огузский героический эпос. – М.: Наука, 1976.
- 14 Гумилев Л.Н. Хунну. – М.: из-во вост. Лит-ры, 1960.
- 15 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: Ленинградского гос. Ун-та, 1951.
- 17 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – А.: Жазушы, 1985.
- 18 Марғұлан Ә. Ең ескі дәуірдегі халық аңыздары // «Жұлдыз», 5-саны, 1983.
- 19 Қозыбаев М. Қазақ тарихы–дала өркениетінің құрамды бөлігі // Егемен Қазақстан, 03.07. 1998.
- 20 Бартольд В.В. Сочинения. Т.V. – М.: Наука, 1968.
- 21 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – А.: Жалын, 1994.
- 22 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: 1951.
- 23 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
- 24 Краткая история литературы Ирана, Афганистана и Турции. – Л.: 1971.
- 25 Дадаш-Заде М.А. Азербайджанская литература. – М.: Высшая школа, 1979.
- 26 Дьяконов И.М. История Мидии. – М.-Л.: АН СССР, 1956.
- 27 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л.: 1948.
- 28 Брагинский И.С. Из истории персидской и таджикской литературы. – М.: 1972.

- 29 Брагинский И.С. Из истории таджикской народной поэзии, – М., 1956.
- 30 Азербайжан әдебијаты тарихы. Мұхтасар. Биринчи чилд. – Баки, 1943.

References

- 1 Bartol'd V.V. Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana. – L., 1927.
- 2 Bartol'd V.V. Sochinenija. Tom Y. – M: Nauka, 1968.
- 3 Lajpanov K. Miziev M. Tırki halyktarynyñ shyfu tegi // «Parasat». – 1995.
- 4 Sylejmenov O. AZ i Ja. – Almaty: Eñbek sauda ýji, 1992.
- 5 Usmanov H. Tjurkskij stih v seredine veka. – Kazan': Iz-vo Kazan-go un-ta, 1987.
- 6 Adzhi M. Polyn' poleveckogo polja. – M: TOO «Pik-Kontekst», 1994.
- 7 Uzbekskij narodnyj geroicheskij jepos. – M: OGIZ, 1947.
- 8 Қазақ әдебиеті. 21 тамыз 1998.
- 10 Gumilev L.N. Tysjacheletie vokrug Kaspii. – Baku: Az. Gos. iz-vo, 1991.
- 11 Rashid ad-Din. Sbornik letopisej. T-1. Kn.2. – M-L: ANSSSR. 1952.
- 12 Bartol'd V.V. Sochinenija. T-2. Ch.1. – M.: iz-vo vos. Lit-ry, 1963.
- 13 Korogly H. Oguzskij geroicheskij jepos. – M.: Nauka, 1976.
- 14 Gumilev L.N. Hunnu. – M.: iz-vo vost. Lit-ry, 1960.
- 15 Bernshtam A.N. Oчерk istorii gunnov. – L.: Leningradskogo gos. Un-ta, 1951.
- 17 Марғұлан Ә. Ezhelgi zhyr, аңыздар. – А.: Zhazushy, 1985.
- 18 Марғұлан Ә. Ең eski дәуірдегі халық аңыздары // «Zhıldyz», 5-sany, 1983.
- 19 Қозыбаев М. Қазақ тарихы–дәла өркеніетінің құрамды бөлігі // Egemen Қазақстан, 03.07. 1998.
- 20 Bartol'd V.V. Sochinenija. T.Y. – M.: Nauka, 1968.
- 21 Мұңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – А.: Zhalyn, 1994.
- 22 Bernshtam A.N. Oчерk istorii gunnov. – L.: 1951.
- 23 Nazarbaev N.Ә. Tarih tolkynynda. – Almaty: Atamұra, 1999.
- 24 Kratkaja istorija literatury Irana, Afganistana i Turcii. – L.: 1971.
- 25 Dadash-Zade M.A. Azerbajdzhanskaja literatura. – M.: Vysshaja shkola, 1979.
- 26 D'jakonov I.M. Istorija Midii. – M-L.: ANSSSR, 1956.
- 27 Tolstov S.P. Po sledam drevnehorezmskoj civilizacij. – M-L.: 1948.
- 28 Braginskij I.S. Iz istorii persidskoj i tadzhikskoj literatury. – M.: 1972.
- 29 Braginskij I.S. Iz istorii tadzhikskoj narodnoj poezii, – M., 1956.
- 30 Azerbajchan әдебијаты тарихы. Мұхтасар. Биринчи child. – Баки, 1943.